

Атырау облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2026 жылғы 7 қыркүйектегі № 254-VIII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 7 қыркүйекте № 39834 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес Атырау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Атырау облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Атырау облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімнің ресми жарияланғаннан кейін Атырау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасының міндетін атқарушы

Б. Каметов

Атырау облыстық
мәслихатының 2026 жылғы
7 қыркүйектегі № 254-VIII
шешіміне қосымша

Атырау облыстық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Атырау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы № 250-IV "Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру қағидасын бекіту туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2555 болып тіркелген).

2. Атырау облыстық мәслихатының 2010 жылғы 3 желтоқсандағы № 381-IV "Облыстық мәслихаттың XVII сессиясының 2009 жылғы 16 қазандағы № 250-IV "Облыстың (қаланың, ауданның) "Құрметті азаматы" атағын беру қағидасын бекіту туралы шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2578 болып тіркелген).

3. Атырау облыстық мәслихатының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 119-VIII "Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру қағидасын бекіту

туралы" Атырау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы № 250-IV шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5224-06 болып тіркелген).

4. Атырау облыстық мәслихатының 2025 жылғы 12 ақпандағы № 152-VIII "Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру қағидасын бекіту туралы" Атырау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы № 250-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5262-06 болып тіркелген).